Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау

Орталығы» коммерциялық емес акционерлік

қоғамына

Кімнен: «Жастар жетістіктері» қоғамдық
қорынан

(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқамерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

| 1. Өтініш беруші | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. БСН | 001040004242 | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | 27.10.2000 | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | Жастар жетістіктері қоғамдық қоры | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,14 шағын ауданы, 1 ғимарат | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Абылдаева | Айгул | Жакашовна | директор |

| | |
|---|---|
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | - жастар мен жасөспірімдердің әлеуетін көтеруге бағытталған жобаларды жүзеге асыру;<br>- жастар мен жасөпірімдердің экономикалық, экологиялық және құқықтың мәдениетін қалыптастыру;<br>- жергілікті өзін -өзі басқару жүйесін дамытуға қатысу;<br>- балалар мен жастарға арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу;<br>- кәсіпкерлікті дамыту және қолдауға бағытталған жобаларды жүзеге асыру;<br>- тұрғындар арасында ақпараттық ағартушылық наухан жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу;<br>- білім беру мекемелерімен және жастар ұйымдарымен бірлескен жобаларды жүзеге асыру;<br>- мемлекеттік органдар, бизнес және басқа да азаматтық қоғам институттары, халықаралық ұйымдармен әлеуметтік серіктестікті нығайту және дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру;<br>- сұхбат алаңдары, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер, фестивальдер, акциялар ұйымдастыру;<br>- әлеуметтік зерттеулер және қоғамдық мониторинг жүргізу<br>- бағдарламаларды қолдау үшін бизнес-кеңес берушілерді және демеушілерді іздеу;<br>- жастар мен жасөспірімдерге арналған лагерлерді, бизнес-клубтарды, курстарды өткізу;<br>жарғылық мақсатындағы кештер мен басқа шараларды ұйымдастыру. |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | Жастар мен жасөспірімдер, әйелдер, мұғалімдер, ҮЕҰ, жергілікті қауымдастық мүшелер |
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | +77012972659 |
| 9. Электрондық пошта мекен жайы | zh.zhetistikteri@mail.ru |
| 10. Интернет желісінде өтінішберушінің веб-сайты | |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар | https://m.facebook.com/zhastarzhetistikteri.zhastarzhetistikteri |

<table>
<tr><td>(топтар, аккаунттар)</td><td></td></tr>
<tr><td>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болыпт абылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздересебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік</td><td>
<table>
<tr><td rowspan="2">№</td><td rowspan="2">Әлеуметтік жобаның атауы</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көлемі (теңге)</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</td><td colspan="2">Орындау кезеңі</td><td>Негізгі нәтижелері</td></tr>
<tr><td>Басталуы</td><td>Аяқталуы</td><td></td></tr>
<tr><td>1.</td><td>«Жасар» жастар көшбасшы мектебі</td><td>8 708 000</td><td>ЖШС"Тенгизшевройл"</td><td>Ақпан 2019</td><td>Желтоқсан 2019</td><td>Ақтау қаласының жастары мен жасөспірімдері көшбасшылық пен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға және дағдыларын нығайтуға бағытталған тренингтерге қатысып, ең үздік идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Көшбасшы мектебінде жастар мен жасөспірімдер қарым қатынас құру, мотивациялық эссе жазу, көшбасшылық, жоба жазу, жобаларды басқару және бағалау және тағы да басқа да тақырыптар бойынша тренингтерге қатысты. Сонымен қатар үздік идеялар байқауы ұйымдастырылып, жоба дайындалып, ең үздік 8 жоба жүзеге асырылды. Ең үздік жобаны жүзеге асырған 2 жобаның көшбасшылары марапатталды. Сонымен қатар Ақтау қалалық әкімдігіне,</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жобаның іскеа сырылуын растайтын шарттардың жәнеө зге де құжаттардың көшірмелері. | | | | | | | Маңғыстау облыстық жастар саясаты басқармасына, білім басқармасына мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыбына енгізу туралы ұсыныс берілді және жастардың ресурс орталықтарымен тәжірибемізбен бөлістік. |
| | 2 | Маңғыстау облысында NCOC компаниясының 2016-2017 жж. жүзеге асырған демеушілік және қайырымдылық жобаларына мониторинг жүргізу. | 4 250 000 | Филиал "Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В." | 03.09.2021 | 31.01.2022 | Маңғыстау облысында 2016-2017 жылдары NCOC компаниясының «Демеушілік және Қайырымдылық» жобалары аясында жүзеге асырылған және қолдау алған ұйымдардың (білім-30, денсаулық сақтау- 9, спорт-7, мәдениет-6, қайырымдылық-2 ) барлығы 54 ұйымның жоба аяқталғаннан кейінгі жай күйі туралы мониторинг жүргізілді. Аяқталған жобалардың негізінде жобалардың сапасы туралы қорытынды жасалып, «Демеушлік және Қайырымдылық» комитетінің қарауына жататын жобалар портфелін жақсарту бойынша бенефициарлардан ұсыныстар алынды. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3 | «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру мақсатында тұрғындарға патриоттық тәрбие беру» | 1 300 000 | "Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 03.10.22 | 27.12.22 | Жаңаөзен қаласында орналасқан мемлекеттік органдардағы ҚР Мемлекеттік рәміздердің дұрыс қолданылуына барлығы 55 мекемеге мониторинг жүргізілді.<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Жаңаөзен қаласындағы барлық мемлекеттік органдардың басшыларын қатыстыра отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері туралы заң талаптарын түсіндіру бойынша 2 семинар ұйымдастырылды.<br>Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай 2 бейнеролик дайындалды.<br>Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Қасиетті көк байрағы елімнің!» патриоттық акциясы ұйымдастырылып, 10 автокөліктің қатысуымен шеру өткізілді. Ауылдың әлеуметтік экономикалық өзіндік үлес қосып жүрген белсенді азаматтарды, білім, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | мәдениет, коммуналдық кәсіпорын, бизнес өкілдері ынталандырылды. |

2. Әлеуметтік жобаның командасы

| | |
|---|---|
| 1.1 Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Абылдаева Айгүл Жакашевна – жоба жетекшісі |
| 1.2. Жұмыс тәжірибесі | Жастар Жетістіктері қоғамдық қоры<br>Директор -2020 қараша – күні бүгінге дейін<br>2013 қаңтар -2020 қараша - жоба координаторы<br>2012 сәуір-2012 желтоқсан -еріктілер бойынша маман |
| 1.3. Қосымша мәліметтер | Алматы менеджмент университеті, ҮЕҰ Менеджменті,<br>Іскерлік әкімшілік магистрі, 2016-2018 жж |
| 1.4 Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Маханбетова Жаксыгуль Шахзадевна<br>«Жастар жетістіктері» қоғамдық қоры - жоба менеджері |
| 1.5 Жұмыс тәжірибесі | «Жастар жетістіктері» қоғамдық қоры<br>Кеңесші -2020 желтоқсан күні бүгінге дейін<br>қор директоры- 2000 қазан-2020 қараша<br>«Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянсы» ЗТБ<br>Президенті 2005 қыркүйек -2015 қараша |
| 1.6 Қосымша мәліметтер | Алматы менеджмент университеті, ҮЕҰ Менеджменті,<br>Іскерлік әкімшілік магистрі, 2016-2018 жж<br>2018 ж күні бүгінге дейін ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының МОФ лекторы |

| | |
|---|---|
| | 2021 жыл , №00428 05052021 Сертификатталған Жоба менеджері, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ-сы<br>2022 жыл сәуір , Бюджеттік адвокация амбассадоры |
| 1.6 Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Токсанбаева Сара Сагымбаевна – есепші |
| 1.7 Жұмыс тәжірибесі | «Жастар жетістіктері» қоғамдық қоры<br>Есепші -2009 желтоқсан күні бүгінге дейін |
| 1.8 Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Маханбетова Назерке Төребекқызы – ассистент |
| 1.9 Жұмыс тәжірибесі | Жастар жетістіктері қоғамдық қоры<br>2018 шілде- 2021 шілде жоба ассистенті |
| | |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме https://www.facebook.com/zhastarzhetistikteri.zhastarzhetistikteri | |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Мемлекеттік рәміздердің рөлін арттыру арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Туым менің - мақтанышым» |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ- | Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі - қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болып табылады.<br>Аймақта жүргізілген әлеуметтік зерттеулер жастардың патриоттық деңгейінің артқанын көрсетіп отыр. Мәселен, соңғы үш жылда әлеуметтік сауалнамаға қатысқан жастар |

| | |
|---|---|
| та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | «патриотизм - өз еліне деген сүйіспеншілік, құрмет және мақтаныш» деп көрсеткен. Бұл көрсеткіш 2019 жылы респонденттердің 59,7%-ын, 2020 жылы — 60,4%-ын, 2021 жылы - 53,3%-ын құрап отыр.<br>Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда мемлекеттік рәміздердің рөлі айрықша. 2020 жылы Мемлекет басшысының Мемлекеттік туды пайдаланудың негізгі тәртібін қайта қарау жөніндегі тапсырмасына сәйкес пайдалану қағидаттарына өзгеріс енгізілгенімен, бүгінде азаматтардың арасында мемлекеттік рәміздерді қолдану аясының кеңейгені туралы толық түсінік қалыптаспағанын байқауға болады. Бүгінгі таңда азаматтардың мемлекеттік рәміздерді құрметтеуін қамтамасыз етуде, оларды пайдаланудың негізгі тәртібін түсіндіруде тың әдістерді пайдалану қажеттілігі туындап отыр.<br>Сонымен қатар, мемлекеттік Рәміздер күнінің мәртебесін көтеру, тарихи-мәдени іс-шараларды ұйымдастыру арқылы мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін түсіндіру бойынша кешенді үгіт-насихат жұмысы жүргізілуі қажет. |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу арқылы өңір жастары арасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1.Маңғыстау облысының 5 аудан, 2 қаласында білім беру, жастар ұйымдарымен ынтымақтастықта жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар бағдарламасын дайындау және оған өңіріміздің 10% (6700) жастардың қамту.<br>2. Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібін түсіндіруге өңіріміздің белсенді (блогер), шағармашыл 30 жасты оқытып және арнайы дайындықтан өткізу, оларды жастар арасында патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүргізілуіне тарту.<br>3. Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін дайындау және оны құзіретті мемлекеттік органмен келісу.<br>4. Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету. |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | «Жастар жетістіктері» қоғамдық қоры өңірімізде 22 жылдан бері түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Барлық аудан, қаланың жергілікті атқарушы билігімен, білім беру мекемелерімен, әскери бөлімшелермен, ҮЕҰ, БАҚ қарым-қатынасы қалыптасқан ұйым.<br>Қор жоба аясында өңірдегі белсенді, шығармашыл жастарды азаматтардың патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған шараларға үлес қосу мүмкіндігін ұйымдастырады.<br>Жобаның ашықтығын, әділдігін, есептілігін әріазаматтық қоғамның қатысуын қамтамасыз ету мақсат ететін дайындық кезеңі, іс-шараны ұйымдастыруға бағытталған негізгі кезеңі және жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қорытынды кезеңінен тұрады. |

| | |
|---|---|
| | Қор аталған жобаның жаңалығы (инновациясы) ретінде жобаға қатысушы тараптарды шақыру, үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту, іс шараларды жүргізу бойынша кешенді жұмыс жүргізеді:<br><br>**1 –ші міндет. Жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру**<br>**№1 іс – шара.** Осы жоба аясында жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар бағдарламасының жобасы жасақталады және ол облыстық ішкі саясат басқармасымен келісіледі. Бағдарлама даярлау барысында ішкі саясат басқармасының басшылығымен келісіп ықтимал іс шаралар түрі, көлемі келісіледі.<br>**№ 2 іс-шара .** Барлық аудан/қала әкімдіктерімен байланыс (зум конференция, телефон) орнатылады, іс шаралардың тізімі жіберіліп, өткізу кезеңдерінің уақытын, өтетін орындарын нақтылаймыз. Сонымен қатар сол уақыттарға қажет орындарды алдын ала ауданның іс шаралар кестесіне салынуына жұмыстанамыз.<br>**№3 іс – шара.** Келісілген бағдарламаның кестесіне сәйкес облыстың аудан/қала орталықтарында, ауылдық елді мекендердің ашық кеңістіктерінде, білім ұйымдарында, мәдениет үйлерінде іс шаралар ( кездесулер, пікір сайыстар, мемлекеттік рәміздер күні ауқымды іс шара және т.б) жүзеге асырылады. Бекітілген бағдарламадағы іс шаралардың концепциясын дайындауға тренинг семинар қатысушыларының әлеуеті пайдаланылады.<br>Концепция нұсқасы облыстық ішкі саясат басқармасы басшылығымен келісіледі.<br>Қордың жоба командасы аудан, қалаларда шаралардың өту алдында қоғамдық қордың, әр аудан/қаланың әкімдіктерінің, жастар ресурс орталықтарының әлеуметтік желілерінде анонс жарияланып, қоғам хабардар етіледі.<br>**№4 іс – шара.** Қорытынды шара. Облыс орталығы Ақтау қаласында - Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Патриоттар форумы.<br>Форум Облыс әкімі Н.А. Ноғаев және ҚР Парламент мәжілісінің депутатының қатысуымен өтеді. Форумның өтетін күні(ауа райының болжамы ескеріледі) және орны, концепциясы, бағдарламасы, қатысушылар құрамын анықтау облыстық ішкі саясат басқармасымен келісіледі. Форумға өңіріміздің жетістікке жеткен қоғамның белсенді жастары шақырылады.Форумның өтуіне байланысты анонс ролик дайындалады, әлеуметтік желілерде жарияланады. Ашықтықты, жариялықты, теңдікті қамтамасыз ету үшін Форумға қатысуға тіркеу 1 ай бұрын басталады. Тіркеу форум басталуына 15 күн қалғанда аяқталады. Онлайн |

| | |
|---|---|
| | тіркелген жастарды жоба командасы техникалық іріктеуден кезеңінен өткізеді, тізімді жасақтайды. Сонымен қатар форумға қатысуға арнайы шақыру хаттар (электронды пошталарына, уатсапқа) жіберіледі. Форумның алдында барлық қатысушылардан (онлайн) бірнеше рет қатысатындығы расталып сұралады. Өңіріміздің аудан, ауылдарынан келетін қатысушыларға жолға шыққанда қауіпсіздік сақтау бойынша нұсқаулық жасақталып жіберіледі. Форумды ұйымдастыру және өткізу кезеңінде шақыру хабарламасын жіберу, қоңырау шалу, қатысушыларды тіркеу жұмыстарына тренинг-семинарға қатысқан белсенді жастар еріктілік негізде көмектесетін болады. Форумның бағдарламасы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі -дискуссиялық алаңқайлар, жетістік тарихымен бөлісу, шеберлік сыныптар. Екінші бөлімі –пленарлық отырыс. Маңғыстау облысы әкімінің Н:А. Ноғаевтың, ҚР Парламент мәжілісінің депутатының қатысуымен өтеді. Форум барысын арнайы фото-видео түсірілім жүргізіледі. Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен белсенді жастардың қоғамның саяси өміріне араласуына ынталандыру үшін, форум делегаттарының өкілдерін облыстық телеарнадағы бағдарламаға қатыстырылады, жергілікті басылымдарда мақалалар шығарылады.<br>**2 ші міндет Қор жоба аясында «Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібі және түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістері » 3 күндік тренинг семинарында өңіріміздің белсенді (блогер), шағармашыл 50 жасты оқытып және арнайы дайындықтан өткізеді, олар жастар арасында патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралардың жүргізілуіне жұмылдырылады.**<br><br>**№5 іс-шара.** Өңірдегі белсенді жас азаматтардың (жастар ұйымдарының жетекшілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері, жас қызметкерлері, жас қоғамдық көшбасшылар, жас мамандар, жас депутаттар, еріктілер, блогерлер, шығармашыл жастар) арасында патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған жобаны жүзеге асыруға үлес қосуға жұмылдыру жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстарды ұйымдастырылады;<br>**№6 іс-шара.** Тренинг семинардан өтуге арналған анонс хабарлама даярланып, қордың https://www.facebook.com/zhastarzhetistikteri.zhastarzhetistikteri, серіктестердің әлеуметтік желілерінде жарияланады**,** мессенжерлер арқылы таратылады, қосымша қоғамда танымал белгілі көшбасшыларға да шақырулар жіберіледі;<br>**№7 іс-шара.** Тренинг семинарға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау https://www.facebook.com/zhastarzhetistikteri.zhastarzhetistikteri әлеуметтік желі арқылы |

| | |
|---|---|
| | жүргізіледі және техникалық іріктеу ұйымдастырылады. Іріктеу кезінде барлық аудан/қаланың өкілдері болуына көңіл аударылады.<br>**№8 іс-шара.** Қор тренинг семинардың бағдарламасын дайындайды және шақырылатын тренерлердің анықтайды, облыстық ішкі саясат басқармасының келісімін алады. Тренинг семинарда мемлекеттік рәміздерді қолданылуын қадағалайтын құзіретті органдардың жауапты мамандарынада арнайы уақыт қарастырылады. Қатысушылардың ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы заң мен Ұлттық стандарттар туралы, қолдану тәртібі бойынша білімдері жетілдірілетін болады. Түсіндіру жұмыстарының заманауи жаңа әдістері, іс-шараны тиімді ұйымдастыру, ресурстарды жұмылдыру, командалық жұмыс және т.б да маңызды тақырыптар енгізіледі.<br>**№9 іс-шара.** «Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібі және түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістері » 3 күндік тренинг семинарын ұйымдастыру. Оқыту компоненті сапалы өткізу мақсатында, қатысушыларды ынталандыру үшін теңіз жағалауындағы демалыс орындарының бірінде өткізіледі. Өтінім берген 30 қатысушы және тренерлер (жалға алған) көлікпен теңіз жағалауындағы демалыс орнына жеткізледі. Жатын орнымен, 3 мезгіл тамағы, кофе брейк қамтамасыз етіледі.<br>**№10 іс шара.** «Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібі және түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістері » 3 күндік тренинг-семинарын өткізу. Қатысушылардың ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы заң мен Ұлттық стандарттар туралы, қолдану тәртібі бойынша толық мағлұмат алады. Түсіндіру жұмыстарының заманауи жаңа әдістері, іс-шараны тиімді ұйымдастыру, ресурстарды жұмылдыру, командалық жұмыс және т.б да қажет деп қарастырылған тақырыптар бойынша біліктілігі жетілдіріледі. Сонымен қатар алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігі беріледі. Күнделікті тренингтің барысы (онлайн) сауалнама арқылы бағаланады.<br>**№11 іс-шара.** Тренинг қатысушыларынан құрылған командалар мемлекеттік рәміздерді түсіндірудің жаңа әдістерін қолдана отырып кешенді бағдарламасының іс –шараларды өткізудің концепциясын, сценариин дайындау .Тренингтің қорытынды шарасы болып табылады. Белсенді жастарға облыс көлемінде өткізілетін іс шаралардың концепциясын, сценариин дайындауға мүмкіндік беріледі. Жастардың креативті идеялары аудан/қалаларда өткізілетін іс –шаралардың қызықты, әсерлі өтуіне ықпал етеді. Аудан/қалада іс-шаралардың концепциясын дайындауға үлес қосқан жастар жоба командасымен бірге ұйымдастыру кезеңіне атсалысады. Бұндай командалық жұмыс жастардың қоғамдық саяси өмірге араласуына жол ашады, жаңа жас тұлғалардың шығуына мүмкіндік береді. |

| | |
|---|---|
| | **№12 іс-шара** Қордың жоба командасы тренинг қатысушыларының дайындаған ақпараттық наухан іс-шаралардың концепциясы, сценарилерін облыстық ішкі саясатпен келісіледі.<br><br>**3-ші міндет. Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін дайындау және оны құзіретті мемлекеттік органмен келісу.**<br><br>**№13 іс –шара** Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолдану бойынша ұйымдастыру. (2 минуттық 2 бейне ролик түсіру) **.** Қор мамандары бейне роликтің сценариінің жобасын дайындайды, облыстық ішкі саясат басқармасының келісімін алады. Бейне ролик түсіру үшін кәсіби маман тартылады. Облыстық ішкі саясат басқармасы бекіткеннен кейін ғана бейне ролик әлеуметтік желіге орналастырылады.<br>**№14 іс –шара** Мүдделі тараптардың қатысуымен «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жаңа тетіктерін дайындау» тақырыбында 3 фокус топтағы сұхбат ұйымдастырылады. Фокус топтағы сұхбат жастар, мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер, ҮЕҰ, БАҚ өкілдері қатысады. Сұхбат ҮЕҰ коворкинг орталығында өтеді, әр топта 10-12 ден қатысушыдан. Сұхбаттың фасилитациясын тәжірибелі қор маманы жүргізеді, есебін дайындайды.<br>**№15 іс –шара** «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін қолдану» бойынша екі тілде 1 әдістемелік нұсқаулық дайындалады. Нұсқаулықты дайындау барысында ҚР заңдары, ұлттық стандарттар, фокус топтағы сұхбаттың ұсынымдары қолданылады.<br>**№16 іс –шара** «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жаңа тетіктері» мүдделі тараптардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастыру және ұсыным дайындау, мүдделі тараптарға жолдау. Дөңгелек үстел ҮЕҰ коворкинг орталығында өткізу жоспарланып отыр. Дөңгелек үстелдің бағдарламасы, модераторы, спикерлері облыстық ішкі саясат басқармасымен келісіледі. Қатысушыларды шақыру, тіркеуді қор мамандары жүргізеді. Дөңгелек үстелде «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін қолдану» әдістемелік нұсқаулығы бойынша тараптардың ұсыныс пікірлері бар болған жағдайда түзетулер енгізеді, хаттама дайындалады, ұсынымдар мүдделі тараптардың электрондық пошталарына жолданады.<br><br>**4 ші міндет. Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету** |

| | |
|---|---|
| | **Жобалық топ іс шараларды жүргізу кезеңдерінде ақпараттық қолдау көрсету бойынша келесідей іс-шаралар ұйымдастырады:**<br>**№17 іс –шара** қоғамның назарына облыстық теле арнада, жергілікті басылымдарда қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктері туралы арнайы рубрика, репортаждар ұйымдастыру. Қордың жергілікті БАҚ мен қарым қатынасы жақсы қалыптасқан. ҚР Мемлекеттік рәміздерінің күні қарсаңының алдында облыстық телеарна және жергілікті газет басылымдарының бағдарлама жетекшілерін, тілшілерін бұқара халыққа қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың жаңа тетіктері жеткізу үшін қордың жауапты маманы сұхбат береді. Берілген сұхбат БАҚ на жарияланып, облыс тұрғындары хабардар етіледі.<br>**№18 іс-шара.** Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды;<br>**№19 іс-шара.** Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындаужәне тарату жұмысын ұйымдастырады. Жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырады.<br>**№20 іс-шара.** Жобаның оқыту компонентіне және іс шараларды жүзеге асыруға қатысушылармен кері байланыс орнату құралы ретінде олардың жеке парақшаларында ақпараттық жазбалар (тренинг семинар барысы, тәжірибесі мен білімі, жүзеге асырған іс – шарасы туралы) жарияланады. |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы (5 аудан, 2 қала) |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | 15.03.2023 |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | 14.12.2023 |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | 16-35 жас аралығындағы жастар (жұмыс жасайтын, жұмыссыз, студент, оқушылар ) |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | 1. Жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруға, мемлекеттік рәміздер мәртебесін көтеруге бағытталған кешенді іс-шаралар бағдарламасы жасақталады.<br>2. Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібін түсіндіруде инновациялық тәсілді қолданылады. |

| | |
|---|---|
| | 3. Азаматтардың патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар бағдарламасын жүзеге асыруға арнайы дайындықтан өткен белсенді жас көшбасшылар, шығармашыл жастар атсалысады.<br>4. Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін дайындалып, мүдделі тараптарға ұсынылады.<br>5. Аймақта қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың жаңа тетігі қалыптасады. |
| Сандық нәтижелері | 1. Жоба аясында ел болашағына деген сенім мен патриоттық сезімді қалыптастыру бағытындағы іс- шарада өңір жастарының 10 % (6700) қамтылады.<br>2. Кешенді іс-шара бағдарламасы -1 дана<br>3. Тренинг семинардың бағдарламасы -1<br>4. Мемлекеттік рәміздердің мәртебесін көтеруге және патриоттық сезімді қалыптастыру бағытында арнайы дайындықтан өткен 25-30 ге жуық жас көшбасшылар мектебі қалыптасады.<br>5. Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың жаңа тетіктерінің 1 әдістемелік нұсқауы.<br>6. Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолдану бойынша 2 бейне ролик түсіріледі.<br>7. Мүдделі тараптардың қатысуымен «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін дайындау» тақырыбында 3 фокус топтағы сұхбаттың есебі және 1 дөңгелек үстелдің хаттамасы<br>8. Патриоттар форумы - бағдарламасы |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | 1. Ел болашағына деген сенім мен патриоттық сезімді қалыптастыру бағытындағы 6 іс шараға қатысқан өңір жастарының оң көзқарасы қалыптасады. Шараға қатысушылардың отзывтары (әр шарада кем дегенде 5 отзыв).<br>2. Мемлекеттік рәміздердің мәртебесін көтеруге және патриоттық сезімді қалыптастыру бағытында арнайы дайындықтан өткен 30 жас көшбасшының мемлекеттік рәміздер қолдануы бойынша біліктілігі артады, көшбасшылық қабілеті дамып, патриоттық шараларды ұйымдастыру тәжірибесін жинақтайды. Қатысушылар тізімі,тренинг семинарға дейінгі, кейінгі тест, шараларды жүзеге асырғаннан кейінгі пікір.<br>3. Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың жаңа тетіктері қолданысқа енеді. Мониторинг. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталғантармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес | Қолдау түрі |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | Жобаның басталуы туралы пресс-анонс кемінде 1 дана дайындалып, жергілікті басылымдарда , қордың, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы 1 рет жарияланады.<br>Жоба және жобаны жүзеге асыру барысы туралы пресс-релиз кемінде 5, жергілікті басылымдарды айына 1 реттен кем емес<br>Әлеуметтік желілердегі ақпараттық посттар кемінде 7, қордың, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы айына 1 реттен кем емес<br>Бейнероликтер кемінде 2, қордың, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы жобаны жүзеге асыру барысында 2-ден кем емес<br>Жоба қорытындысы бойынша бейнеролик кемінде 1, қордың, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы1 рет. | |

4. Күнтізбелік жоспар

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.1 | **Жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған іс-** | Жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар бағдарламасының жобасы жасақталады және ол облыстық ішкі саясат | 24 .03 | 31.03 | Келісілген кешенді іс-шара бағдарламасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шаралар бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру** | басқармасымен келісіледі. | | | |
| 1.2 | | аудан, қала әкімдіктерімен байланыс орнатылады, іс шараларды өткізу кезеңдерінің уақытын, өтетін орындарын нақтылаймыз. | 3.04 | 5.04 | шаралардың өтетін орын, күні бекітілген кесте . |
| 1.3 | | Келісілген бағдарламаның кестесіне сәйкес облыстың аудан/қала орталықтарында, ауылдық елді мекендердің ашық кеңістіктерінде, білім ұйымдарында, мәдениет үйлерінде іс шаралар жүзеге асыру. | 01.08 | 25.10 | Кешенді бағдарламаның іс шаралары (бағдарламасы, анонстары, қысқа бейне роликтері) шығармашылық есептері |
| 1.4 | | Қорытынды шара облыс орталығы Ақтау қаласында - Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Патриоттар форумы. | 01.11 | 14.12 | Форумға Маңғыстау облысы әкімі Н.А. Ноғаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, жас көшбасшылар қатысты. Мүдделі тараптарға ұсынымдар берілді. |
| 2.1 | **Қор жоба аясында «Мемлекеттік рәміздерді қолдануды** | Өңірдегі белсенді жас азаматтардың арасында жобаны жүзеге асыруға үлес қосуға жұмылдыру жөнінде кешендіақпараттық | 10.04 | 28.04 | пресс анонс, онлайн тіркелу өтінімі дайындалады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ң негізгі тәртібі және түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістері » 3 күндік тренинг семинарында өңіріміздің белсенді (блогер), шағармашыл 30 жасты оқытып және арнайы дайындықтан өткізеді, олар жастар арасында патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталғ** | жұмыстарын ұйымдастыру. | | | |
| 2.2 | | Тренинг семинардан өтуге арналған хабарлама жарияланады**,** қосымша қоғамда танымал белгілі көшбасшыларға да шақырулар жіберіледі | 03.05 | 20.05 | https://www.facebook.com/zhastarzhetistikteri.zhastarzhetistikteri, әлеуметтік парақшасында және серіктестердің әлеуметтік желілілерінде жарияланды. Сонымен қатар мессенджерлерде байланыс тетігі арқылы хабарламалар беріледі; |
| 2.3 | | Тренинг семинарға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау, тіркеу, қатысушылар тізімін қалыптастыру | 05.05 | 20.05 | Онлайн тіркелу өтінімі қабылдайды, техникалық іріктеу жүрізеді, қатысушылар тізімін жасақталады, жобалық топ іріктеуден өткен үміткерлерге аудан/қалалардан 30 қатысушыға шақыру жібереді шақыру жібереді. |
| 2.4 | | Қор тренинг семинардың бағдарламасын дайындау, тренерлерді анықтау, мүдделі тараптардың келісімін алу. | 10.04 | 10.05 | бекітілген тренинг семинардың бағдарламасы, тренерлер тізімі |
| 2.5 | | «Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібі және түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістері » 3 күндік 1 тренинг семинарын ұйымдастыру. | 10.05 | 31.05 | баннер, таратпа материалдар дайындалды<br>өтетін орны анықталып, тренерлермен келісім шарттар, презентациялар жасалды<br>қатысушыларға шақыру жіберіліп, қатысатындығы расталды. |
| 2.6 | | «Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібі және түсіндіру | 01.06 | 17.06 | 3 күндік тренинг семинарға 30 белсенді, шығармашыл жас мемлекеттік рәміздерді қолдану тәртібі, заңдылықтары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ан іс-шаралардың жүргізілуіне жұмылдырылады.** | жұмыстарының жаңа әдістері » 3 күндік 1 тренинг-семинарын өткізу | | | бойынша білімі толықты, түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістерін меңгерді, қатысушылар тізімі. |
| 2.7 | | Тренинг-семинар қатысушыларынан құрылған командалар мемлекеттік рәміздерді түсіндірудің жаңа әдістерін қолдана отырып ақпараттық наухан іс –шараларына концепциясын, сценарийлер дайындау | 15.06 | 25.06 | Облыстық кешенді іс шара бағдарламасының концепциясы, сценарилері жобасы |
| 2.8 | | Тренинг –семинар қатысушыларының дайындаған концепция, сценариді ішкі саясатпен келісу. | 20.06 | 30.06 | Облыстық ішкі саясат басқармасының келісімі |
| 3.1 | **Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталғ** | Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолдану бойынша эксперименттер ұйымдастыру ( 2 бейне ролик түсіру) | 03.04 | 19.04 | 2 бейнеролик |
| 3.2 | | Мүдделі тараптардың қатысуымен «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) | 17.04 | 28.04 | Фокус топтағы сұхбаттың қорытынды есебі мен ұсынымдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ан жаңа тетіктерін дайындау және оны құзіретті мемлекеттік органмен келісу.** | жасақталған жаңа тетіктерін дайындау» тақырыбында 3 фокус топтағы сұхбат алаңы ұйымдастырылады | | | |
| 3.4 | | Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін қолдану бойынша екі тілде 1 әдістемелік нұсқаулық (электронды) дайындалады. | 19.04 | 03.05 | Әдістемелік нұсқаулық жобасы |
| 3.5 | | «Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жаңа тетіктері» мүдделі тараптардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастыру және ұсыным дайындау, мүдделі тараптарға жолдау. | 05.05 | 15.05 | Дөңгелек үстелдің хаттамасы және ұсынымдар |
| 3.6 | **Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету** | Қоғамның назарына облыстық телеарнада, жергілікті басылымдарда қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктері туралы арнайы | 01.06 | 20.06 | Телеарнадағы 1 бағдарлама, жергілікті басылымдар, әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың тәртіптері туралы облыстық жұртшылығы хабардар болды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | рубрика, репортаж ұйымдастыру. | | | |
| 3.7 | | Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды; | 01.04 | 15.04 | Контент-жоспар |
| 3.8 | | Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырады. Жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырады. | 01.04 | 20.12 | Әлеуметтік желілер мен БАҚ-тағы жобаның барысы туралы материалдар және роликтер |
| 3.9 | | Жобаның оқыту компонентіне және жобаны жүзеге асыруға қатысушылармен кері байланыс орнату | 01.06 | 20.12 | Оқыту компонентіне және жобаны жүзеге асыруға қатысушылардың әлеуметтік парақшаларында жобаның барысы туралы материалдар және роликтер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құралы ретінде олардың жеке парақшаларында ақпараттық жазбалар (тренинг семинар барысы, тәжірибесі мен білімі, жүзеге асырған іс –шарасы туралы) жарияланады. | | | |
| | | | | | |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| | | | | | | | | |
| 1 | Әкімшілік шығындар | | | | **3000000** | | | |
| 1.1 | 1) жалақы, оныңішінде (30%) | | | | | | | |
| 1.1.1 | Жоба жетекшісі 0,5 бірлікте | ай | 8,0 | 90000 | 720 000 | | | |
| 1.1.2 | Бухгалтер 0,5 бірлікте | ай | 8,0 | 80 000 | 640 000 | | | |
| 1.1.3 | Жоба менеджері 0,5 бірлікте | ай | 8,0 | 100000 | 800 000 | | | |
| 1.1.4 | жоба әкімшісі 0,3 бірлікте | ай | 8,0 | 50000 | 400000 | | | |
| 1.1.5 | Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар 11% | ай | 8,0 | | 282 000 | | | |
| 1.1.6 | міндетті медициналық сақтандыру 3% | ай | 8,0 | | 31 200 | | | |
| 1.2 | Банк қызметтері | ай | 8,0 | 8000 | 64000 | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 | Шығыс материалдары, негізгі құралдарғақызмет көрсетуге және оларды ұстауға қажетті тауарларды сатып алу және басқа да қорлар, оның ішінде: | рет | 1 | 10000 | 10 000 | | | картридж толтыру, диск |
| 1.4 | Кеңсе тауары | ай | 4 | 5700 | 22800 | | | |
| 1.5 | Пошталық қызмет | | | | 30000 | | | |
| | … | | | | | | | |
| 2 | **Материалдық- техникалық қамтамасыз ету,оның ішінде:** | | | | **1000000** | | | |
| 2.1 | Ноутбук | дана | 2 | 500000 | 1000000 | | | |
| 3. | **Тікелей шығындар:** | | | | | | | |
| 3.1 | 1 іс –шара Бейне ролик | дана | 2 | 220 000 | **440 000** | | | |
| 3.2 | 2 іс шара «Мемлекеттік рәміздерді қолданудың негізгі тәртібі және түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістері » Тренинг –семинар | | | | **2438000** | | | |
| 3.3 | Тарату материалдарын сатып алу, оның ішінде: | | | | | | | |
| 3.4 | блокнот | дана | 30 | 500 | 15000 | | | |
| 3.5 | ручка | дана | 30 | 100 | 3000 | | | |
| 3.6 | папка | дана | 30 | 500 | 15000 | | | |
| 3.7 | заңды және жекетұлғалар орындайтын жұмыстар мен көрсететін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар,оның ішінде: | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.7.1 | Тренердің гонорары | қызмет | 2 | 350 000 | 700 000 | | | |
| 3.7.2 | Сертификат басып шығару | қызмет | 30 | 1000 | 30000 | | | |
| 3.7.3 | баннер басып шығару | қызмет | 1 | 30 000 | 30 000 | | | |
| 3.7.4 | Қатысушылардың жатып тұруы | қызмет | 60 | 12000 | 720 000 | | | |
| 3.7.5 | Көлік шығыны | қызмет | 2 | 80 000 | 160 000 | | | |
| | Өкілдік шығыстар: | | | | | | | |
| 3.7.6 | кофе-брейк | қызмет | 90 | 2000 | 180 000 | | | |
| 3.7.7 | түскі ас | қызмет | 90 | 3000 | 270 000 | | | |
| 3.7.8 | кешкі ас | қызмет | 90 | 2500 | 225000 | | | |
| 3.7.9 | залды жалға алу | қызмет | 3 | 30000 | 90000 | | | |
| 3.8 | **3 іс шара.** Қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктерін қолдану бойынша фокус топтағы сұхбат, екі тілде 1 әдістемелік нұсқаулық (электронды) дайындау. | | | | **250 000** | | | |
| | жеке тұлғалардыңжұмыстары және қызметтері, оның ішінде: | | | | | | | |
| 3.8.1 | Сарапшы гонорары | қызмет | 1 | 250 000 | 250 000 | | | |
| 3.9 | **4 іс шара**. Қоғамның назарына облыстық телеарнада, жергілікті басылымдарда қоғамдық кеңістіктерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың (мемлекеттік ту) жасақталған жаңа тетіктері туралы арнайы рубрика, репортаж ұйымдастыру. | | | | **400 000** | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | заңды және жекетұлғалар орындайтын жұмыстар мен көрсететін қызметтерге ақы төлеубойынша шығыстар, оныңішінде: | | | | | | | |
| 3.9.1 | Басылымдарға материал дайындау және шығарту | қызмет | 3 | 100 000 | 300 000 | | | |
| 3.9.2 | Телеарнада репортаждың сценариін дайындау | қызмет | 1 | 100 000 | 100 000 | | | |
| 3.10 | **5 іс шара**<br>Бекітілген кешенді бағдарламаның кестесіне сәйкес облыстың аудан/қала орталықтарында, ауылдық елді мекендердің ашық кеңістіктерінде, білім ұйымдарында, мәдениет үйлерінде іс шаралар ( кездесулер, пікір сайыстар, мемлекеттік рәміздер күні ауқымды іс шара және т.б) жүзеге асыру. | | | | **1472 000** | | | |
| | заңды және жекетұлғалар орындайтын жұмыстар менкөрсететін қызметтерге ақытөлеу бойынша шығыстар,оныңішінде | | | | | | | |
| 3.10.1 | Көлік шығындары (аудандарға) | қызмет | | 200 000 | 200 000 | | | |
| 3.10.2 | Жаңаөзен, Бейнеу, Мұнайлы, Маңғыстау, Түпқараған, Қарақия аудандарында іс шаралар | | 6 | 212 000 | 1 272 000 | | | |
| 3.11 | **6 іс-шара** | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қорытынды шара облыс орталығы Ақтау қаласында - Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Патриоттар форумы. | | | | | | | |
| | Заңды және жекетұлғалар орындайтын жұмыстар менкөрсететін қызметтерге ақытөлеу бойынша шығыстар,оныңішінде | | | | **1000000** | | | |
| 3.11.1 | Лед экран | қызмет | | | 300 000 | | | |
| 3.11.2 | фото- видео қызмет | қызмет | | | 100 000 | | | |
| | Өкілдік шығыстар: | | | | | | | |
| 3.11.3 | кофе-брейк | қызмет | 150 | 3000 | 450 000 | | | |
| 3.11.4 | қарастырылмаған шығындар | | | | 150 000 | | | |
| | жалпы соммасы | | | | **10000000** | | | |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатыпалу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі –

| | |
|---|---|
| конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;<br>– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;<br>- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылғані с-шаралар жобасында болмауын;<br>– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;<br>– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;<br>- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкескелетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;<br>- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;<br>- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);<br>- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болыпта былмайтынын;<br>- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруынтара туды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінежәне (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды. | |
| Директор ________________________________ Абылдаева Айгүл Жакашовна 2023ж. "09" ақпан<br>(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні) | |